

## Ұлттық валюта - теңгені қолдау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 25 ақпан 1994 ж. N 74-ө

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің ұлттық валюта - теңгені қолдау мақсатында Қазақстан тұтыну нарығын тауарлармен молықтыру бағдарламасын орындау үшін Австрия Республикасындағы Қазақстанның Сауда үйін және оның Қазақстан Республикасындағы филиалын тарту жөніндегі ұсынысы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Австрия Республикасындағы Сауда үйіне және оның Қазақстан Республикасындағы филиалына үкімет пен банктің тиісті кепілдігі беріліп, ол 50 млн. АҚШ доллары сомасына импорт бойынша тауар сатып алуды жүзеге асыратын болсын.

3. Қазақстан Республикасы атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Австрия Республикасындағы Сауда үйінің Алматы филиалы жасаған міндеттемелері бойынша төлеу кепілдігін берсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің кепілдігімен Қазақстан Әлем Банкі келісімдер мен контрактілердің жүзеге асуы үшін шетелдік фирманың (банкінің) алдында кепіл болсын.

5. Республиканың валюталық биржасы, уәкілдігі бар банктері Қазақстан Республикасының Австрия Республикасындағы Сауда үйінің Алматыдағы филиалына жасасылған контракттылар мен келісімдер бойынша міндеттемелерін орындау үшін ұлттық валютаны (теңгені) басымдық тәртібімен еркін айналыстағы валютаға айырбастап беруді жүзеге асырсын.

Премьер-министр